

Б.С. Мухан*, PhD докторанты¹

А.М. Есиркепова, э.ғ.д., профессор²

А.С. Тулеметова, э.ғ.к., профессор¹

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті¹

Шымкент қ., Қазақстан

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы

Мемлекеттік басқару академиясы²

Шымкент қ., Қазақстан

* - негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: mukhanbakytzhan@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП НАРЫҒЫН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Мақалада тежеуші факторларды ескере отырып, жеңіл өнеркәсіптің отандық нарығын дамытудың басым бағыттары қарастырылған. Елдің экономикалық және стратегиялық қауіпсіздігі негізінде жеңіл өнеркәсіптің дамуын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне басты назар аударылған. Статистикалық деректерді талдау барысында жеңіл өнеркәсіп құрылымындағы ең үлкен үлес салмақты тоқыма саласының өнімдері алып отырғаны, ал киім өндірісі соңғы жылдары өз орнын жоғалтқаны анықталды.

Авторлардың пікірінше, жеңіл өнеркәсіп нарығында саланы дамытудың негізгі жүйелі мәселелері бар: жеңіл өнеркәсіптің технологиялық артта қалуы; ішкі нарықтағы отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі; электрондық сауда нарығының дамуы; импорттық шикізатқа тәуелділік; саланың инновациялық қызметінің төмен деңгейі; тауарлар сапасының сатып алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі.

Авторлар Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсіп нарығын одан әрі дамыту бойынша нақты ұсыныстар берген: жаңа технологиялар мен инновацияларға ақша салу; тауарларды жылжыту және тұтынушылардың қалауын анықтау үшін әлеуметтік желілерді пайдалану; тауарларды өткізу үшін электрондық бизнес модельдерін қолдану.

Кілт сөздер: жеңіл өнеркәсіп, нарық, өңір, шикізат, тауар, бәсеке, тоқыма, киім, технология, инновациялар.

Ключевые слова: легкая промышленность, рынок, регион, сырьё, товар, конкуренция, текстиль, одежда, технология, инновации.

Keywords: light industry, market, region, raw materials, product, competition, textiles, clothing, technology, innovation.

Кіріспе. Қазіргі жағдайда жеңіл өнеркәсіп басқа салалармен салыстырғанда аз анықталған аумақтық маманданумен сипатталады, өйткені іс жүзінде әр өңірде оның белгілі бір кәсіпорындары бар. Көбінесе, жеңіл өнеркәсіп салалары өңірлердің ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз етеді, өңірлерде орналасқан шаруашылық кешенін толықтырады.

Алайда, елдер арасындағы сауданы

жандандыру, халықаралық тауар айналымына жаңа мемлекеттер мен аумақтарды тарту әлемдік нарықты өзгертеді және өндіріс пен нарықты күнделікті сұраныстағы тауарлармен, техникалық мақсаттағы өнімдермен қанықтыру саласындағы халықаралық бәсекелестікті күшейтеді. Әлемдік жеңіл өнеркәсіп халықтың ұлғаюымен, оның әл-ауқатымен, сатып алу қабілетінің артуына байла-

нысты тұрақты экономикалық өсумен сипатталады. Тиісінше, жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің әлемдік нарығы серпінді дамып келеді.

Қазақстан Республикасындағы жеңіл өнеркәсіп нарығын дамыту стратегиясындағы басым бағыттар дамудың негізгі мақсаттарына қол жеткізуге үлкен дәрежеде әсер ететін басқа факторларды ескерместен бұрын, ресурстық толықтыру мен түпкілікті қаржылық нәтижелерге қол жеткізуге арналып отыр. Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын дамытудың осы жолын іске асыру үшін кәсіпорындарды дамыту стратегиясын жетілдіруге мүмкіндік беретін және тауарларды нарықта сатудың тиімді әдістері мен құралдарының болуы қажет. Осыған байланысты жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының өнімдерін нарықта өткізу құралдарын жетілдіруге бағытталған зерттеулер жүргізу қажеттілігі ерекше өзектілікке ие болады.

Мақаланың мақсаты отандық жеңіл өнеркәсіп нарығының әрі қарай дамытудың бағыттарын анықтау болып табылады.

Мақаланың теориялық және әдіснамалық негізін жеңіл өнеркәсіпті дамытуға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде жүйелік және статистикалық талдаулар қолданылды.

Әдебиеттік шолу. Қазіргі жағдайда көптеген ғалымдар саланы техникалық жаңғырту және мемлекеттік қолдау мәселелерін қарастыра отырып, жеңіл өнеркәсіпке елдің экономикалық және стратегиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөліне ерекше назар аударады.

Н.Н. Жаркованың пікірінше, «жеңіл өнеркәсіп экономикалық және стратегиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, еңбекке қабілетті халықты жұмыспен қамтуда және жаңа геосаяси жағдайларда оның өмір сүру деңгейін арттыруда маңызды рөл атқарады» [1].

Жаңғырту мен техникалық қайта жарақтандыруға, саланың әлеуетін оңтайландыруға және қажетті құрылымдық қайта құруларға ықпал ететін ғылыми әлеуетті жедел

дамыту есебінен жеңіл өнеркәсіптің серпінді дамуын қамтамасыз ету инновацияларға инвестицияларды тұрақты ұлғайта отырып, өнімдер мен технологияларды жаңарта отырып, жаңа нарықтарды жаулап ала отырып, жеңіл өнеркәсіптің дамуының жаңа кезеңін айқындайды [2].

Печаткина Е.Ю. «жеңіл өнеркәсіп елдегі жалпы экономикалық жағдайға әсер ететінін атап өтті, өйткені, біріншіден, бұл капиталдың жылдам айналымы бар сала; екіншіден, оның технологиялық циклі ауыл шаруашылығын, химия өнеркәсібін және басқа салаларды өз саласына тартады, өндірістің бұл саласы капитал салымдарының салыстырмалы түрде төмен көлеміне, рентабельділіктің жоғары деңгейіне, жоғары ғылымды қажетсінуіне ие» деп көрсетті [3].

Дурру О. ойынша, «қазіргі уақытта жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын дамыту инновациялық бағыттағы басымдықтарды дамудың негізгі мақсаттарына қол жеткізуге үлкен дәрежеде әсер ететін басқа факторларды ескермей, ресурстық толықтыруды және түпкілікті қаржылық нәтижелерді алуға мүмкіндік болмайды»[4].

Әрине, жеңіл өнеркәсіптің дамуы экономикалық және стратегиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп ғана қоймай, әлеуметтік бағыттағы мәселелерді шешеді. Жеңіл өнеркәсіптегі капитал жылдам айналу қасиеті болғандықтан, оған әсер ететін факторларды есептеген жөн. Авторлардың пікірінше, кез келген енгізілетін жаңа технологиялар жеңіл өнеркәсіптің серпінді дамуы үшін ғылыми жаңалықтарды ескеруі қажет.

Негізгі бөлім. Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін отандық ұйымдар салалық міндеттерді бірлесіп шешу үшін бірігіп, өзін-өзі реттейтін «Qaz Textile Industry» жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының ұлттық бірлестігін құрды.

Ұйым алдына жеңіл өнеркәсіп саласындағы отандық тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен

бәсекеге қабілеттілігін арттыру, нарыққа қатысушылардың тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін күшейту, экономика мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын саланы дамыту үшін ғылыми-техникалық технологияларға қол жеткізуді енгізу, саладағы қолданбалы зерттеулер мен

тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту және оларды одан әрі коммерцияландыру жөнінде міндет қойылды [5].

Жалпы, жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің отандық нарығы соңғы статистикалық деректерге сәйкес 115,84 млрд теңгеге бағаланады (1-кесте).

1-кесте

Қазақстан Республикасы жеңіл өнеркәсібінің 2015-2019 жылдар аралығындағы өндіріс көлемі, %*

Жеңіл өнеркәсіптің қызмет түрлері	2015 ж., млрд теңге	2016 ж., млрд теңге	2017 ж., млрд теңге	2018 ж., млрд теңге	2019 ж., млрд теңге	2015-2019 жж. өзгерісі (есе)
Тоқыма бұйымдарын өндіру	29,49	37,60	43,49	52,59	60,24	2,0
Киім өндіру	36,11	36,55	46,01	36,57	43,96	1,2
Былғары және оған жататын өнімдерді өндіру	5,99	8,31	8,59	10,19	11,64	1,9
Барлығы	71,59	82,46	98,09	99,35	115,84	1,6

Авторлармен [6] негізінде әзірленген

Қазақстан Республикасында тоқыма бұйымдарының өндірісі 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін 2 есеге, киім өндірісі 1,2 есеге, былғары бұйымдарының өндірісі 1,9 есеге өскен. Жалпы соңғы бес жылда саланың тұрақты оң серпіні байқалуда, өсім орта есеппен 1,6 есе көрсеткішті құрайды.

Саланың негізгі мәселелерінің ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

– техникалық артта қалу;

– білікті мамандардың тапшылығы;
– шикізат импортына тәуелділік.

Саланы дамытудың негізгі бағыты – мемлекеттік тапсырыс. Бүгінде өндірістердің бір бөлігі қарулы күш құрылымдары мен бөлімшелеріне арналған нысанды киім шығара отырып, осы жүйеде көбірек жұмыс істейді.

Жеңіл өнеркәсіп құрылымындағы ең үлкен үлес салмақты тоқыма саласының өнімі алады (2-кесте).

2-кесте

Қазақстан Республикасы жеңіл өнеркәсібінің 2015-2019 жылдар аралығындағы өндірісінің құрылымы, %*

Жеңіл өнеркәсіптің қызмет түрлері	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
Тоқыма бұйымдарын өндіру	41,19	45,60	44,34	52,93	52,00
Киім өндіру	50,44	44,32	46,91	36,81	37,95
Былғары және оған жататын өнімдерді өндіру	8,37	10,08	8,76	10,26	10,05
Барлығы	100,00	100,00	100,00	100,00	100,00

**Авторлармен [6] негізінде әзірленген*

Біз жүргізген талдау киім өндірісі жеңіл өнеркәсіп құрылымында өз орнын жоғалтқанын көрсетті, егер 2015 жылы киім өндірісіне 50,44% тиесілі болса, ал 2019 жылы осы өнімнің үлес салмағы 37,95%-ды құрайды. Бұл жеңіл өнеркәсіптің ішкі нарығында Қытай мен Түркиядан келетін арзан тауарлардың басым болуына байланысты.

Жеңіл өнеркәсіп экономика саласы ретінде мемлекеттік бюджеттерді қалыптастыруға тікелей қатысады. Ол көптеген салаларды біріктіреді, олардың ішінде тігін, аяқ киім, тоқыма, былғары, аң терісі сияқты негізгі салаларды бөліп көрсетуге болады.

Жеңіл өнеркәсіп өнімдері Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде шығарылады (3-кесте).

3-кесте

Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша жеңіл өнеркәсіп өнімінің 2019 жылғы үлесі*

Өңірлер	Өндірілген өнім (мың теңге)	Үлесі (%)
Қазақстан Республикасы	115 842 645	100
Шымкент қ.	25 956 424	22,41
Алматы обл.	16 518 973	14,26
Алматы қ.	13 468 055	11,63
Түркістан обл.	12 996 286	11,22
Павлодар обл.	6 993 675	6,04
Қарағанды обл.	5 448 485	4,70
Ақмола обл.	4 980 144	4,30
Шығыс Қазақстан обл.	4 780 059	4,13
Нұр-Сұлтан қ.	4 458 336	3,85
Атырау обл.	4 101 264	3,54
Қостанай обл.	3 757 371	3,24
Жамбыл обл.	3 522 805	3,04
Маңғыстау обл.	2 990 811	2,58
Ақтөбе обл.	2 146 032	1,85
Солтүстік Қазақстан обл.	1 602 727	1,38
Қызылорда обл.	1 234 340	1,07
Батыс Қазақстан обл.	886 858	0,77

*Авторлармен [6] негізінде әзірленген

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2019 жылғы деректері бойынша жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының өнімдері мынадай өңірлерде көбірек шығарылады: Шымкент қаласы (22,41%), Алматы облысы (14,26%), Алматы қаласы (11,63%) және Түркістан облысы (11,22%).

Бұл өңірлердің өндірістік-өнеркәсіптік әлеуеті өңірдің қажеттіліктерін ғана емес, сонымен бірге, әдетте, одан тыс жер-

лерге экспортталады. Жеңіл өнеркәсіп көптеген салалармен байланысты және бүкіл халық шаруашылығы кешеніне қызмет етеді. Жеңіл өнеркәсіптің басты ерекшелігі өндіріске салынған қаражаттың тез қайтарылуымен және төмен шығындар арқылы шығарылатын өнім ассортиментінің тез өзгеруімен байланысты.

Жеңіл өнеркәсіп нарығының қазіргі жай-күйін талдау оның дамуында оң үрдістер болған кезде оның экономикалық өсуіне

теріс әсер ететін мәселелер қалып отырғанын көрсетті. Жеңіл өнеркәсіп нарығын дамытудың негізгі жүйелік мәселелеріне мыналар жатады:

- жеңіл өнеркәсіптің технологиялық артта қалуы;
- ішкі нарықтағы отандық тауарлардың әлсіз бәсекеге қабілеттілігі;
- электрондық сауда нарығының дамымауы;
- саланың инновациялық қызметінің төмен деңгейі;
- импорттық шикізатқа тәуелділік;
- тауарлар сапасының сатып алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі.

Негізінен, бұл жеңіл өнеркәсіптің құрылымдық сәйкессіздігі қазіргі уақытта саланың ауқымы мен мүмкіндіктеріне өнімге деген өсіп келе жатқан сұранысты сапалы қанағаттандыруға, ішкі нарықтағы отандық тауарлар үлесінің күрт төмендеуін тоқтата тұруға және елдің ұлттық қауіпсіздігін жоғалту қаупінің алдын алуға байланысты. Тозған және моральдық тұрғыдан ескірген жабдықтар сапалы өнімнің заманауи ассортиментін шығарып қана қоймай, қанағатта-

нарлықсыз еңбек жағдайларын жасайды.

Қорытынды. Сонымен, жеңіл өнеркәсіп нарығын әрі қарай дамыту үшін мынадай бағыттарды ұсынуға болады:

- жаңа технологиялар мен инновацияларға қаражат салу қажет. Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін нанотехнологияларды, наноөнімдерді, автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізу, сондай-ақ дизайн мен модельдеуге арналған компьютерлік бағдарламаларды қолданған жөн;
- әлеуметтік желілерді тауарларды жылжыту және тұтынушылардың қалауын анықтау үшін пайдалану. Тұтыну нарығы үшін өнім өндіретін жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының экономикалық табысы мен нарықтағы алатын орны сатып алушылардың тұтынушылық қалауларын зерттеу саясатының тиімділігіне байланысты;
- тауарларды өткізу үшін электрондық бизнес модельдерін қолдану. Маркетингтің дәстүрлі арналарын пайдалану жеңіл өнеркәсіп тауарларын сатуда тиімсіз болып келеді. Сондықтан тауарларды өткізу үшін электрондық коммерцияның тәсілдерін қолдану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаркова Н.Н. Стратегия развития легкой промышленности: новые направления и целевые показатели // Экономика, предпринимательство и право. – 2017. – Том 7. – № 4. – С. 253-261.
2. Юань Чжэн. Особенности современного развития легкой промышленности как сектора экономики. <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-sovremennogo-razvitiya-legkoypromyshlennosti-kak-sektora-ekonomiki>
3. Печаткина Е.Ю. Особенности предприятий легкой промышленности // Вестник Челябинского государственного университета. – 2012. – № 8(262). Экономика. – Вып. 36. – С. 117-123.
4. Дурру О. Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының инновациялық дамуының ерекшеліктері // ҚазЭҚХСУ Жаршысы. – 2020. – № 2(39). – Б. 176-182.
5. В Казахстане создано национальное объединение предприятий легкой промышленности «QazTextileIndustry». <https://informburo.kz/special/v-kazahstane-sozdano-nacionalnoe-obedinenie-predpriyatij-lyogkoy-promyshlennosti-qaz-textile-industry.html>
6. Қазақстан Республикасы өнеркәсібі жұмысының негізгі көрсеткіштері (2019). Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің статистика комитеті. <https://stat.gov.kz/edition/publication/material/4>

REFERENCES

1. Zharkova N.N. Strategija razvitija legkoj promyshlennosti: novye napravlenija i celevye pokazateli [Light industry development strategy: new directions and targets] // Jekonomika, predprinimatel'stvoipravo. – 2017. – Tom 7. – № 4. – S. 253-261 [In Russian].
2. Juan' Chzhjen. Osobennosti sovremennogo razvitija legkoj promyshlennosti kak sektora jekonomiki [Features of modern development of light industry as a sector of the economy]. <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-sovremennogo-razvitiya-legkoj-promyshlennosti-kak-sektora-ekonomiki> [In Russian].
3. Pechatkina E.Ju. Osobennosti predpriyatij ljogkoj promyshlennosti [Features of light industry enterprises] // Vestnik Cheljabinskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2012. – № 8(262). Jekonomika. – Vyp. 36. – S. 117-123 [In Russian].
4. Durru O. Zhenil onerkasip kasiporyndarynyn innovacijalyk damuynyn erekshelikteri [Features of innovative development of light industry enterprises] // KazEKHSU. – 2020. – № 2 (39). – B.176-1727 [In Kazakh].
5. V Kazahstane sozdano nacional'noe obedinenie predpriyatij ljogkoj promyshlennosti «Qaz Textile Industry» [National Association of light industry enterprises «Qaz Textile Industry» was established in Kazakhstan]. <https://informburo.kz/special/v-kazahstane-sozdano-nacionalnoe-obedinenie-predpriyatij-lyogkoj-promyshlennosti-qaz-textile-Industry.html> [In Russian].
6. Kazakstan Respublikasy onerkasibi zhumysynyn negizgi korsetkishteri (2019). [Key performance indicators of the industry of the Republic of Kazakhstan (2019)]. Kazakstan Respublikasy Ultyq jekonomika ministriginin statistika komiteti. <https://stat.gov.kz/edition/publication/material/4> [In Kazakh].

Б.С. Мухан, А.М. Есиркепова, А.С. Тулеметова

**ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ РЫНКА
ЛЕГКОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Аннотация

В статье рассматриваются приоритетные направления развития отечественного рынка легкой промышленности с учетом сдерживающих факторов. Основное внимание уделено трудам ученых, которые рассматривают развитие легкой промышленности в контексте экономической и стратегической безопасности страны. В ходе анализа статистических данных выявлено, что наибольший удельный вес в структуре легкой промышленности занимает продукция текстильной отрасли, а производство одежды сдало свои позиции за последние годы.

По мнению авторов, на рынке легкой промышленности имеются основные системные проблемы развития отрасли: технологическая отсталость легкой промышленности; слабая конкурентоспособность отечественных товаров на внутреннем рынке; неразвитость рынка электронной торговли; зависимость от импортного сырья; низкий уровень инновационной деятельности отрасли; несоответствие качества товаров к потребностям покупателей.

Авторами статьи даны конкретные рекомендации по дальнейшему развитию рынка легкой промышленности Республики Казахстан: вложить денежные средства в новые технологии и инновации; использовать социальные сети для продвижения товаров и выяснения потребительских предпочтений покупателей; применять модели электронного бизнеса для сбыта товаров.

**MAIN DIRECTIONS OF DEVELOPMENT OF THE LIGHT INDUSTRY MARKET
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Annotation

The article considers the priority directions of development of the domestic light industry market, taking into account the constraints. The main attention is paid to the works of scientists who consider the development of light industry in the context of economic and strategic security of the country. The analysis of statistical data revealed that the largest share in the structure of light industry is occupied by textile products and clothing production has lost its position in recent years.

According to the authors, the light industry market has the main systemic problems in the development of the industry: technological backwardness of light industry; weak competitiveness of domestic goods in the domestic market; underdevelopment of the e-Commerce market; dependence on imported raw materials; low level of innovation in the industry; discrepancy in the quality of goods to the needs of customers.

The authors of the article give specific recommendations for the further development of the light industry market of the Republic of Kazakhstan: to invest money in new technologies and innovations; to use social networks to promote products and find out consumer preferences of buyers; to apply e-business models for the sale of goods.

